

«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ	ҒТЖД	Ғылыми қызметті үйлестіру
Мәртебесі: жоба	КНД 06 ____ АА	7 беттің 1-беті

**«ҚАЗАТОМӨНЕРКӘСІП» ҰАК» АҚ
ҒЫЛЫМИ-ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ ДАМУДЫ БАСҚАРУ
САЯСАТЫ**

1. Мақсаты

1.1. Осы «Ғылыми-технологиялық дамуды басқару» саясаты (бұдан әрі – Саясат) Қоғамның және Қоғамның еншілес, тәуелді және бірлесіп бақыланатын кәсіпорындарының (ҚЕТК) ғылыми – технологиялық даму саласындағы қызметінің жалпы қағидаттарын, ниеттері мен бағыттарын айқындайтын «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-тың (бұдан әрі-Қоғам) ішкі құжаты болып табылады

1.2. Осы Саясат жұмыс істеп тұрған өндірістерді нарықтардың үнемі өзгеріп отыратын жағдайларына бейімдеу жөніндегі міндеттерді шешуге, ағымдағы және орташа-ұзақ мерзімді жоспарларға түзетулер әзірлеу мен негіздеуге, өндірістік және соның салдарынан қаржылық шығындарды барынша азайтуға бағытталған.

2. Қолданылу аясы

2.1. Осы Саясаттың күші ҒЗТКЖ-ны, ғылыми-техникалық қызметтерді жоспарлауға, мониторингтеуге және орындауға, зияткерлік меншікті құруға және коммерцияландыруға, аяқталған ҒЗТКЖ нәтижелерін қоғам өндірісіне енгізуге, қоғамның ғылыми-технологиялық даму бөлігіндегі стратегиялық бағытына байланысты Қоғамның қызметіне қолданылады.

2.2. Осы Саясат барлық ҚЕТК үшін ұсынымдық сипатқа ие.

3. Жалпы ережелер

3.1. Осы Саясат «Ғылым туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 18 ақпандағы № 407-IV Заңына, «Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет

Рев. №	Парақтар өзгертілді	Әзірледі	Бекітілді
0.		Ғылыми-технологиялық жобалар департаментінің директоры Өмірғали А.Қ. _____	«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ Басқармасының 2020 ж. «__» № _____ шешімімен

		2020 ж. «__» _____ ;	

Рев. № 0	2020 ж. «__» _____;	КНД 06 ____ АА	7 беттің 2-беті
----------	---------------------	----------------	-----------------

нәтижелерін коммерцияландыру туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 31 қазандағы № 381-V Заңына, «Цифрлы Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 12 желтоқсандағы Қаулысына, «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ Жарғысына және Қоғамның ішкі құжаттарына, сондай-ақ ғылыми-технологиялық қызметті басқару саласындағы халықаралық реттеуші және мемлекеттік органдардың халықаралық практикасы мен ұсынымдарына сәйкес әзірленді.

3.2. Қоғамның ғылыми-технологиялық дамуы «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-ның 2018-2028 жылдарға арналған даму стратегиясын іске асыру тиімділігін арттыруға бағытталған.

4. Терминдер мен анықтамалар

4.1. ҒЗТКЖ жол картасы-зертханалық зерттеулерден бастап өндіріске енгізуге дейінгі ҒЗТКЖ-ны орындау жөніндегі іс-шаралар жоспары ҒЗТКЖ-ны орындау процесінің сындарлы жүйелік талаптары мен ҒЗТКЖ фазалары арасындағы қатынастарды көрсетеді.

4.2. УТШ-уран тотығы-шала тотығы.

4.3. Зияткерлік меншік (ЗМ) – жеке немесе заңды тұлғаның ғылыми-зерттеу, тәжірибелік-конструкторлық және технологиялық жұмыстар нәтижесінде алынған зияткерлік шығармашылық қызмет нәтижелеріне және азаматтық айналымға қатысушыларды, тауарларды, жұмыстарды немесе көрсетілетін қызметтерді дараландыру құралдарына айрықша құқығы.

4.4. Жасанды интеллект-зияткерлік жүйелердің дәстүрлі түрде адамның құзыреті болып саналатын шығармашылық функцияларды орындау қасиеті; зияткерлік машиналарды, әсіресе зияткерлік компьютерлік бағдарламаларды құрудың ғылымы мен технологиясы.

4.5. Технологияларды коммерцияландыру-технологияның белсенді маркетингі жөніндегі іс-шараларды қамтитын технологиялық әзірлемелерді өндіріске енгізуге және олардан пайда табуға бағытталған қызмет.

4.6. Ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар (ҒЗТКЖ, Research and Development, R&D) – жаңа білім алуға және жаңа технологияны немесе жаңа өнімді жасау кезінде практикада қолдануға бағытталған жұмыстар жиынтығы.

4.7. Қоғамның ғылыми – техникалық кеңесі (ҒТК)-Қоғам Басқармасы жанындағы осы Саясаттың 5.2-тармағының 5.2.1, 5.2.2 және 5.2.3-тармақшаларына сәйкес қоғам дамуының 3 (үш) басым ғылыми-технологиялық бағыттарының әрқайсысы бойынша үш секциясы бар, ғылыми сарапшылар пулымен және Қоғамның Бас ғылыми хатшысымен Қоғам қызметін ғылыми-технологиялық, ақпараттық-талдамалық және сараптамалық қамтамасыз ету мақсатында құрылған консультативтік және мәжілістік орган.

4.8. Ғылыми-технологиялық даму - ғылыми және инженерлік қызмет тоғысындағы қызмет. Технологиялық және инженерлік проблемаларды шешу үшін жаңа білім алуға және қолдануға, сондай-ақ ғылымның, техниканың және өндірістің біртұтас жүйе ретінде жұмыс істеуін қамтамасыз етуге бағытталған ғылыми, инженерлік және енгізу қызметін қамтиды.

4.9. СЖМ-сирек жер металдары.

4.10. СМ-сирек металдар.

4.11. Технологиялар трансферті- технологияның кез-келген ақпараттық арналарды қолдана отырып, оның жеке немесе ұжымдық тасымалдаушысынан екіншісіне ауысуы. Оған мыналар кіреді: зияткерлік қызмет нәтижелеріне айрықша құқықты беру немесе иеліктен шығару.

4.12. ЗМСК- «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ зияткерлік меншік жөніндегі сараптама комиссиясы.

4.13. ЯОЦ-ядролық-отын циклы.

4.14. Цифрлық технологиялар және «ақылды» -ақпаратты цифрлық түрде ұсынуға негізделген кәсіпорындардың өндірістік тиімділігін арттыру үшін пайдаланылатын қазіргі

Рев. № 0	2020 ж. «__» _____;	КНД 06 ____ АА	7 беттің 3-беті
----------	---------------------	----------------	-----------------

заманғы технологиялар (Block-Chain, BigData, Machine Learning, Artificial Intelligence, пилотсыз басқару, роботехника, 3D басып шығару, инжиниринг, автоматтандыру және т.б.).

5. Ғылыми-технологиялық даму қағидаттары

5.1. «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-ның 2018-2028 жылдарға арналған Даму стратегиясын орындау мақсатында және ғылыми-технологиялық даму бағыттарын бақылаудың, үйлестірудің және мониторингілеудің тиімді жүйесін құру мақсатында Қоғам мынадай негізгі қағидаттарды айқындайды:

5.2. *ҒЗТКЖ және ғылыми-техникалық қызметтер (бұдан әрі – ҒТК)* тақырыптарын жоспарлауға, дамудың басым бағыттарына ресурстарды шоғырландыру арқылы ҒЗТКЖ және ҒТУ жүргізуге арналған шығыстарды оңтайландыруға арналған жүйелі кешенді тәсіл қағидаты:

5.2.1. Өнімді ерітінділерді өндіру және қайта өңдеу, УТШ алу.

5.2.2. Геология, геотехнология және тау-кен-дайындық жұмыстары, ұңғымаларды жөндеу-қалпына келтіру жұмыстары және уран кен орындарында СМ және ЖСМ ілеспелік аршу.

5.2.3. ЯОЦ-ның жоғары технологиялары, СМ және СЖМ алу және қайта өңдеу.

5.2.4. Цифрландыру, автоматтандыру және роботтандыру.

5.2.5. Зияткерлік меншік объектілерін коммерцияландыру және технологиялар трансферті («Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ зияткерлік меншік жөніндегі сараптама комиссиясы арқылы ЗМО және технологиялар трансфертін коммерцияландыру) және Білімді басқару.

5.3. *ҒЗТКЖ және ғылыми-техникалық қызметтерді орындау нәтижелері үшін жауапкершілік қағидаты* – Әкімшіні, Бас үйлестіруші-сарапшыны және Қоғамның ғылыми-техникалық дамуының басым бағыты операторын тағайындау және олардың әрқайсысына жауапкершілік пен құзырет аймағын бекіту.

5.4. *ҒЗТКЖ және ғылыми-техникалық қызметтердің оң түпкілікті нәтижелеріне қол жеткізу қағидаты.* Орындалған ҒЗТКЖ экономикалық нәтиже алуға бағытталуы тиіс және ғылыми-техникалық қызметтер Қоғам мен ҚЕТК үшін жалпы оң нәтижелер әкелуі тиіс (әрбір ҒЗТКЖ-ның қызметтік циклі: идея → зерттеу/әзірлеу → енгізу). Әрбір ҒЗТКЖ бойынша Жол картасы, ҒЗТКЖ-ның қызметтік циклін мониторингтеу және бақылау жүйесі әзірленуі тиіс.

5.5. *Ғылыми-технологиялық даму мәселелері бойынша шешімдер қабылдау кезіндегі алқалық және транспаренттілік қағидаты* – осы Саясаттың 5.2-тармағының 5.2.1, 5.2.2, 5.2.3, 5.2.4-тармақшаларына сәйкес әрбір басым бағыт бойынша 4 (төрт) секциясы бар ҒТК құру, зияткерлік меншік объектілерін коммерцияландыру және осы Саясаттың 5.2-тармағының 5.2.5-тармақшасына сәйкес басым бағыт бойынша зияткерлік меншік жөніндегі сараптама комиссиясы арқылы технологиялар трансферті.

6. Ғылыми-технологиялық дамудың мақсаты мен міндеттері

6.1. Ғылыми-технологиялық дамудың мақсаты технологиялық инновацияларды іздеу және енгізу, мынадай міндеттерді қамтитын ғылыми зерттеулер мен әзірлемелерге бастамашылық ету болып табылады:

- Қоғамның және ҚЕТК-ның Стратегияларына/Даму жоспарларына, алқалы органдардың шешімдеріне сәйкес, сондай-ақ кәсіпорындардың технологиялық аудитінің нәтижелері бойынша Қоғам объектілерінде ҒЗТКЖ-ны іріктеу, бағалау (техникалық және экономикалық әсер) және ғылымды қажетсінетін, ресурс үнемдейтін, цифрлық технологиялар мен жасанды интеллект технологияларын (өз әзірлемелерін де, таңдаулы әлемдік жетістіктерін де) енгізу жүйесін құру;

Рев. № 0	2020 ж. «__» _____;	КНД 06 ____ АА	7 беттің 4-беті
----------	---------------------	----------------	-----------------

- Жарғылық капиталда материалдық емес активтердің (МЕА) үлесін арттыру мақсатында зияткерлік меншікті коммерцияландыру жүйесін қалыптастыру. Сондай-ақ Холдинг ішіндегі де, ел ішіндегі де, шетелдегі де технологиялар трансферті;

- Кәсіпорынның ғылыми-технологиялық даму көрсеткіштерін ҚЕТК басшылары мен Қоғамның жауапты басшылары мен қызметкерлерінің КРІ-ге енгізе отырып, өнімнің өзіндік құнын қысқартуға жаңа ғылыми/ ғылыми-техникалық/ технологиялық/ цифрлық әзірлемелер мен жасанды интеллект технологияларының үлесін ұлғайту;

- Өндірістік (технологиялық) активтерді тиімді басқару;

- Қоршаған ортаның (ауа, жер, су) сапасын және радиациялық қауіпсіздікті арттыру;

- Қоғам және ҚЕТК қызметкерлерінің ғылыми-техникалық тиімділігі мен құзыреттілігін арттыру.

7. Ғылыми-технологиялық дамудың басым бағыттары бойынша жауапкершілік пен құзыреттерді бекіту

7.1. Ғылыми-технологиялық дамуды ұйымдастыру жүйесі мынадай жауапкершілік пен құзыреттерді бекітуді көздейді:

7.1.1. Жүйенің әкімшісі әрбір басым бағыт бойынша бас үйлестіруші-сарапшылардың 4 (төрт) позициясымен («Цифрландыру, автоматтандыру және роботтандыру» бағыты бойынша ұстаным ғылыми секцияның құзыреттілігі бойынша Бас үйлестіруші – сарапшылар мен Қоғамның бас ғалым хатшысы арасында бөлінген) ғылыми – технологиялық дамуды үйлестіруге жауапты Қоғамның бейінді құрылымдық бөлімшесі

- «Жаңа ғылыми әзірлемелердің табиғи уран өндірудің өзіндік құнын қысқартуға және өндірістердің тиімділігіне қосқан үлесі» бөлімін орындау шеңберінде осы саясатты, «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-ның 2018-2028 жылдарға арналған Даму стратегиясын орындауды ұйымдастыруға;

- ғылыми-технологиялық дамудың әрбір бағыты бойынша негізгі нормативтік-техникалық құжаттарды әдіснамалық қамтамасыз ету және әзірлеу, оларды өзектендіруге;

- қысқа (1 (бір) жылға дейін)/ орта (3 (үш) жылға дейін)/ ұзақ мерзімді (3 (үш) жылдан астам) перспективада әрбір басым даму бағыты бойынша ғылыми-технологиялық дамуды әкімшілендіру және үйлестіруге (негізгі шешімдерді ҒТК-ның келісімдеуі арқылы жүзеге асырылады);

- ҒТК қарауына және бекітуіне ұсынылған материалдардың объективті және тәуелсіз сараптамасын қамтамасыз ету үшін Қоғамның Бас ғылыми хатшысының ұстанымы арқылы ғылыми сарапшылар пулының жұмысын ұйымдастыруға;

- зияткерлік меншікті коммерцияландыру жүйесін қалыптастыру, сондай-ақ Қоғам мен ҚЕТК-ның акционерлік капиталындағы МЕА үлесін ұлғайту мақсаты бар технологиялар трансферті;

- экономикалық тиімділіктің міндетті есептерімен алдыңғы қатарлы инновациялық цифрлық технологияларды және аяқталған ғылыми-техникалық/ технологиялық жұмыстар мен қызметтерді әзірлеу/енгізуге;

- шоғырландырылған талдамалық ақпаратты ашық қолжетімділікте орналастыра отырып, ғылыми-технологиялық және жаңа білімді басқару және сақтауға;

- аяқталған ғылыми-техникалық/ технологиялық әзірлемелерді коммерцияландыру және технологиялар трансфері арқылы тарату / тираждау;

- әрбір бейінді басым ғылыми бағыт бойынша Бас үйлестіруші-сарапшылардың ғылыми – технологиялық дамудың тиісті басым бағыттарының Үйлестірушілері мен Операторларының қызметін мониторингтеу және үйлестіруге жауапты.


7.1.2. Басым бағыттың үйлестірушісі (Қоғамның бейінді құрылымдық бөлімшесінің басшысы / қоғам дамуының 4 (төрт) (5.2.4-тармақтан басқа) басым бағыттарының әрқайсысы бойынша Бас үйлестіруші –сарапшы) (5.2.5-т. сәйкес ЗМО коммерцияландыру және технологиялар трансферті бағыты бойынша-бұл ЗМО жөніндегі бас үйлестіруші-сарапшы) және бейінді құрылымдық бөлімше

- Қоғам мен ҚЕТК-ның ҒЗТКЖ/ ғылыми-техникалық қызметтерін жоспарлаудан бастап іске асыруға дейінгі (зерттеу/ әзірлеу, енгізу) орындау процестерін бекітілген басым ғылыми-технологиялық дамыту шеңберінде үйлестіруге;
- ҒЗТКЖ жобалары бойынша басым ғылыми-технологиялық бағыттағы оператордың қызметін және жол карталарын мониторингтеу және бақылауға;
- ғылыми-технологиялық даму мен ЗМСК басым бағытының тиісті бейіндік секциясы бойынша ҒТК қызметіне басшылық жасауға және мониторинг жүргізуге қатысуға;
- Қоғамның зияткерлік меншік саласындағы үйлестіру, жаңа қорғау құжаттарын алу, қолданыстағы қорғау құжаттарын күшінде ұстау, сондай-ақ Қоғамның қолданыстағы қорғау құжаттарын коммерцияландыруға жауапты.

7.1.3. Ғылыми-технологиялық дамудың басым бағытының операторы (ҚЕТК және/ немесе Қоғамның құрылымдық бөлімшесі. Оператор бір мезгілде ҒЗТКЖ/ ҒТК орындаушысы бола алады және мыналар үшін жауапты болады:

- келтірілген жүйеге сәйкес ҒЗТКЖ қызмет циклінің барлық сатыларында (идеядан өндіріске енгізуге дейін) жүргізілетін жұмыстарды жоспарлау және орындау жөніндегі қызметті мониторингтеу және бақылау:

**ҒЗТКЖ қызметтік циклінің сатыларын мониторингтеу және бақылау жүйесі
(идея-зерттеу-әзірлеу-енгізу)**



- орындалатын әрбір ҒЗТКЖ-ға «жол картасын» әзірлеу және мониторингтеу және фазалар бойынша жобаны кепілдік берілген дамыту процесіне сәйкес, бұл ретте жол картасы әрбір ҒЗТКЖ шартының ажырамас бөлігі болып табылады;
- ағымдағы жылға/ орта, ұзақ мерзімді перспективаға арналған басым ғылыми-технологиялық бағыттың тиісті секциясы бойынша ҒЗТКЖ/ ҒТК жобаларының тізбесін қалыптастыру және ҒЗТКЖ нәтижелерін (есептерді) тыңдау бойынша ҒТК жұмысын ұйымдастыру;

Рев. № 0	2020 ж. «__» _____;	КНД 06 ____ АА	7 беттің 6-беті
----------	---------------------	----------------	-----------------

- басым бағыттың Бас үйлестіруші-сарапшысымен келісу кезінде басым ғылыми – технологиялық бағыттың ҒТК тиісті секциясының мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес келуі және техникалық тапсырмалар жобаларының негізділігі;

- Үйлестірушіге және Әкімшіге ҒЗТКЖ/ ҒТҚ орындалу барысы және нәтижелері туралы мерзімді есептілік;

- ҒЗТКЖ орындау процесінде жинақталған ғылыми-технологиялық білімді жинақтауды және сақтауды қамтитын ғылыми қызметті кооперациялаудың ерекше нысаны ретінде өз құзыреті шегінде ғылыми орталықты/ ғылыми мектепті/ құзыреттілік орталығын басым бағыт бойынша қалыптастыру, сондай-ақ Қоғамда сабақтастық қағидаттарын дамыту және ғылыми әулеттерді сақтау мақсатында қоғамның және ҚЕТК-ның жоғары білікті ғылыми-технологиялық персоналын ел ішінде де, шетелде де, оның ішінде жас мамандар қатарынан, қызметкерлердің балалары арасынан іріктеу, дамыту, даярлау, біліктілігін арттыру, қайта даярлау, тағылымдамадан өткізу;

- Қоғамның зияткерлік меншік құқықтарын қорғау мәселелерін қалыптастыру, сондай-ақ Қоғамның технологиялар трансферті мәселелері бойынша ЗМСК жұмысын ұйымдастыру.

8. Қорытынды ережелер

8.1. Осы Саясаттың ережелері Қоғамның ғылыми-технологиялық даму жөніндегі жаңа нормативтік-техникалық құжаттарын әзірлеу және қолданыстағыларын өзектендіру арқылы іске асырылады.

8.2. Қоғамның осы Саясаты онда өзгеріп отыратын жағдайлар мен жаңа ғылыми – техникалық ақпаратты көрсету үшін қажеттігіне қарай кезең-кезеңімен бағалануға, қайта қаралуға және жаңартылуға тиіс.

8.3. Қоғамның еншілес және тәуелді ұйымдарының ғылыми-технологиялық саясаты осы саясатқа қайшы келмейді.

8.4. Мүдделі тұлғалар осы Саясатпен мына мекенжай бойынша танысуға құқылы: Қазақстан Республикасы, Нұр-Сұлтан қаласы, Есіл ауданы, Е-10 көшесі, «Зеленый квартал» б/о, 17/12-үй. Электрондық нұсқа Қоғамның www.kazatomprom.kz интернет желісіндегі ресми корпоративтік WEB-сайтында орналастырылған